

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» АҚ

Кафедра: Эпидемиология және жұқпалы аурулар.

Тақырыбы: *Оба ауруы.*

Орындаған: Тургунов Ш.А

Факультет: Стом

Курс: 3

Группа: 304

Тексерген: Кажитаева Д.Д

ЖОСПАРЫ:

- Кіріспе.
- ❖ Негізгі бөлім.
 - ❖ 1. Оба ауруы.
 - ❖ 2. Алдын алу шаралары.
- Қорытынды.
- Пайдаланылған әдебиеттер.

ЭПИДЕМИОЛОГИЯСЫ

- ▣ **Оба**(лат. *pestis* – кенеттен басып кіру) – аса қауіпті зоонозды табиғи ошақты карантиндік жұқпалы ауру. Обаның өкпелік, ішектік, тері-бубондық, септикалық түрлері болады. Себебі *Yersinia pestis*, бактериялық тобына жататын табиғи - ошақты жұқпалы ауру; адамға жанасу, ауа - тамшы және алиментарлық жолмен жұғады, сонымен қатар тасымалдаушылар - бүргелер арқылы жұғады карантиндік инфекцияға жатады.


- Табиғатта түрлі кемірушілер арқылы таралады. Адамдарға кемірушілерден, не бүргелерден жұғады. Ауру қоздырғышы таяқша тәрізді бактерияларды
- 1894 жылы бір-біріне байланыссыз жапон микробиологі С.Китазато (1853 – 1931) мен француз бактериологы А.Иерсен (1863 – 1943) (адамнан; 1897 жылы егеуқұйрықтан) тапқан.



- Оба таяқшасы (*Yersinia pestis*) пішіні жұмыртқа тәрізді, ұсақ, қозғалмайды, талшықтары болмайды, спора түзбейді, анилинді бояғыш заттармен тез боялады. Кемірушілер денесінде 4 – 5 ай, бүргелерде 1 жылға дейін тіршілік етеді. Жұғу жолдарына қарай обаның бірнеше түрі бар.



- Мысалы, ауалы-тамшылы жолмен жұққанда өкпе обасы; тағам арқылы – ішек обасы; жанасу арқылы (мал сойғанда, терісін сыпырғанда, т.б.) не трансмиссивтік (бүрге шаққанда) жолмен жұққанда тері-бубон обасы, сирек септик. түрлері дамиды. Ауру тез тарайды. Ауру қоздырғышы сау адамға науқас адамнан жұғады.



КЛИНИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

- Аурудың жасырын кезеңі бірнеше сағаттан 3 – 6 күнге дейін созылады. Ауру аяқ астынан басталады, науқастың температурасы $39 - 40^{\circ}\text{C}$ -қа көтеріліп, басы айналады. Организмнің күшті улануынан адам құсып, іші өтеді, есінен танып, үрей, ұйқысыздық пайда болады. Ауру асқынған жағдайда нау-қас өледі.



ТЕРІ-БУБОН ОБАСЫНДА

- Ал тері-бубон обасында бүрге шаққан жерге жақын орналасқан лимфа безі ісініп, бұршақ дәніндей қызыл түсті бөрткен (іші қанды іріңге толы) пайда болады. Бөрткен жарылып жараға айналады. Аурудан алдын ала сақтандыру үшін ауру шыққан жерлерге эпизоотол. және эпидемиол. тексеру жүргізіледі; сол аймақтағы тұрғындардың денсаулығы үнемі бақылауда болады; ауру ошағы дамыған жерге дератизац., дезинсекц. және дезинфекц., сан.-ағарту жұмыстары жүргізіледі; шет елге баратын жолаушыларға обаға қарсы вакцина егіліп, ал келушілерге арнайы бақылау жүргізіледі.

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:

- Аурудан алдын ала сақтандыру үшін ауру шыққан жерлерге эпизоотол. және эпидемиол. тексеру жүргізіледі; сол аймақтағы тұрғындардың денсаулығы үнемі бақылауда болады; ауру ошағы дамыған жерге дератизация, дезинсекция және дезинфекция, сан.ағарту жұмыстары жүргізіледі; шет елге баратын жолаушыларға обаға қарсы вакцина егіліп, ал келушілерге арнайы бақылау жүргізіледі.



ЕМІ:

- Емі: науқас адамды арнайы ауруханаға жатқызып, патогенетик. (әр түрлі ерітінділер құю), этио-тропты (антибиотиктердің бірнеше түрін бірден енгізу), гормондық препараттармен емдеу; карантин жариялау. Қазақстанда оба індеті бойынша жүргізілетін шараларды Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы атқарады. Республиканың 10 қаласында обаға қарсы күресу бекеттері мен олардың 13 ауданы бөлімшелері бар.



ОБА МЕН ТУЛЯРЕМИЯНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

- Туляремия обаға ұқсас ауру деп тегіп айтылмаған, айырмашылығы туляремия ауру адамнан сау адамға жұқпайды. Ауруды дер кезінде анықтау, дұрыс диагнозын қою – бастапқы шаралардың бірі. Адамды емдеу үшін неше түрлі антибиотиктер: левомецетин, гентамицин, тетрациклин және т. б. Егер іріңдеген бездер жарылайын деп тұрса хирургиялық жолмен емдейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Қ.Дүйсенова. Жұқпалы аурулар.2009
- 2. Шувалова Е.П. Инфекционные болезни. 2005
- 3. Инфекционные болезни. Учебное пособие для ВУЗ-ов.
- 4. www.google.kz
- 5. Медицинская газета № 95 — 07 декабря 2005 г. стр.8-9;
- 6. Домашний Доктор. Сост. В. Ф. Тулянкин, Т. И. Тулянкина. — АОЗТ «Паритет», 1997